

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНАЛОГТАРЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

ФЕТКУЛОВ А.Х.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

СЕЙТХОЖИН Б.У.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

ОРЫНБЕКОВ А.С.

заң ғылымдарының магистрі

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

АХМЕТОВА А.К.

құқық магистрі

«Bolashag» академиясы ЖММ заң пәндері

кафедрасының аға оқытушысы

Түйін. Тақырыптың өзектілігі есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) қатысушы мемлекеттердің заңнамасын біріздендіру мен үйлестіруге қатысты бөлігінде трансұлттық сипаттағы есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс – қимыл мәселесін қараумен байланысты. Белгіленген проблеманы зерттеудің негізгі әдісі осы саладағы отандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау болып табылады. Мақала материалдары есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізетін құқық қорғау органдары үшін практикалық құндылықты білдіреді.

Түйінді сөздер: есірткі, психотроптық зат, аналогтар, прекурсорлар, психоактивті заттар.

Резюме. Актуальность темы связана с рассмотрением вопроса противодействия незаконному обороту наркотиков транснационального характера в части, касающейся унификации и гармонизации законодательства государств – участников Содружества Независимых государств (СНГ) в сфере борьбы с наркобизнесом. Основным методом исследования обозначенной проблемы является сравнительный анализ отечественного и зарубежного законодательства в данной сфере. Материалы статьи представляют собой практическую ценность для правоохранительных органов, ведущих борьбу с незаконным оборотом наркотиков.

Ключевые слова: наркотические средства, психотропные вещества, аналоги, прекурсоры, психоактивные вещества.

Summary. The relevance of the topic is addressing the issue of combating drug trafficking a transnational character in terms of unification and harmonization of legislation of States – members of Commonwealth of Independent States (CIS) in the fight against drug trafficking. The main method of studying this problem is a comparative analysis of domestic and foreign legislation in this area. The materials of the article are of practical value for law enforcement agencies fighting drug trafficking.

Keywords: narcotic drugs, psychotropic substances, analogues, precursors, psychoactive substances.

Бұл мақала "Қазақстан Республикасындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және кримнологиялық мәселелері" тақырыбындағы жобаның іргелі ғылыми зерттеуін орындау шеңберінде дайындалды.

Қылмысқа қарсы күрестің мемлекеттік саясатын жетілдіру мәселелері үнемі ел басшылығының назарында. Мемлекет Басшысы 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, заңның үстемдігін одан әрі қамтамасыз етуге және азаматтардың

құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған құқық қорғау жүйесін институционалдық қайта құру жүзеге асырылуда.

Бұл үшін жасалған қылмыстардың тез және толық ашылуының маңызы зор. Бұл жерде барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың 90% – дан астамын ашатын және тергейтін ішкі істер органдары (ПО) жетекші рөл атқарады [Косжанов Т.А., Рысмагамбетова Г.М., Лакбаев К.С., 2018, 37 б.].

2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерін қабылдау заң қоғамдастығы үшін ірі оқиғаларға айналды. Заңнамада Қазақстанның құқықтық жүйесіне бұрын тән емес көптеген нормалар мен құқықтық институттар пайда болды. Осыған байланысты бұл жаңашылдықтар ғылыми ортада қызу пікірталастар тудырды. Ең алдымен, Қазақстанның бірқатар халықаралық ұйымдарға кіру қажеттілігін негіздейтін саяси сипаттағы фактор ретінде, оларды қабылдаудың негізгі себебін атап өту қажет.

ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігін талдау оны мұқият талқылаудың, жалпы бөлім нормаларымен салыстырудың, қылмыстық іс-әрекеттерді криминализациялаудың және декриминализациялаудың мақсаттылығын қараудың, құқықтағы жүйелі мәселелер мен олқылықтарды жоюдың, ҚР Қылмыстық заңнамасына халықаралық құқық нормаларын имплементациялау мәселелерін шешудің қажеттілігін куәландырып отыр [Абдрашев Р.М., Тугаев А.С., 2017, 24-26 б.]

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 1-бабының 2-бөлігінде аталған кодекс халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді деп айтылған [8].

Халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары деп тұтастай алғанда мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығы қабылдайтын және мойындайтын, олардан ауытқуға жол берілмейтін халықаралық құқықтың негізін қалаушы императивтік нормаларын түсіну керек. Халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормасы деп мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығы тұтастай алғанда заңдық міндеті ретінде қабылдайтын және мойындайтын мінез-құлық ережесін түсіну керек. Халықаралық құқықтың аталған қағидаттары мен нормаларының мазмұны, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің құжаттарында ашылуы мүмкін.

Отандық қылмыстық заңнама қабылданған халықаралық міндеттемелерге әрдайым сәйкес келмейді, бұл отандық заң шығарушының мемлекетілік деңгейде жүйелі заң шығару кезінде міндетті ұлттық және халықаралық қылмыстық құқық нормаларының келісілу қағидасын сақтамауы туралы куәландырады [Конысбай Б.М., 2016, 47-49 б.].

Қазақстан өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық және өңірлік ынтымақтастықты берік ұстанады. Біздің мемлекет Азиядағы сенім шаралары жөніндегі кеңесті, Экономикалық ынтымақтастық ұйымын, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ), БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасын (БҰҰ ЕҚБ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымын (ҰҚШҰ), Еуропалық Одақ бағдарламасын қоса алғанда, халықаралық және өңірлік ұйымдардың тиісті қызметін толығымен қолдайды.

Қазақстан Республикасының арнаулы және құқық қорғау органдарының шет елдердің құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылы 50-ден астам үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер негізінде жүзеге асырылады. 2015-2017 жылдары 5 халықаралық шартқа қол қойылды.

Шет елдердің құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық кезінде көпжақты форматта, ең алдымен ҰҚШҰ, БҰҰ және ШЫҰ шеңберінде құрылған тетіктер белсенді пайдаланылады, олар арқылы өзара іс-қимыл, жедел іс-шаралар өткізу және ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.

Есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелерінде өзара іс-қимыл жасау үшін тиімді алаң ҰҚШҰға мүше мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі құзыретті органдар басшыларының үйлестіру кеңесінің форматы қарастырылуда. ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің аумағында жылына кемінде екі рет өткізілетін "Арна" халықаралық операциясы тәжірбиелік байланыстарды жолға қоюға және нығайтуға, бірлескен әзірлемелерді

іске асыруға және есірткі трафигінің жолын кесу бойынша ауқымды операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді [Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы туралы Ұлттық есеп, 101-102 б].

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын заңсыз пайдалану мен тарату бойынша қорқынышты жағдай қалыптастыруда. Нашакорлық індеті Қазақстан Республикасын да айналып өтпеді. Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам алдында тұрған көптеген мәселелерінің арасында нашакорлық мәселесі бірінші орындардың біріне шығады десек болады.

Бүкіл әлемде және Қазақстанда нашакорлықтың таралу ауқымы мен қарқыны, атап айтқанда, жастардың дене және моральдық денсаулығы мен оның едәуір бөлігінің болашағы үшін, қазақстандық қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы үшін жақын болашақта қауіп төндіреді. Наркодурман адамның жеке басын бұзып, ұлт генофондының тұрақтылығына қауіп төндіріп, адамдардың физикалық және психикалық жағдайына әсер етеді [Сейтхожин Б.У., Сарсембаев Б.Ш., Феткулов А.Х., б. 177].

Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы іс-қимыл жөніндегі жеткілікті ауқымды нормативтік-құқықтық база құрылды, бұл нашакорлыққа және есірткі бизнесіне тиімді халықаралық және мемлекеттік бақылауды белгілеу үшін үлкен алдын алу мәні бар. Алайда есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес нәтижелері елдегі есірткі ахуалын одан әрі жақсарту жөнінде жеткілікті оптимизмді білдірмейді. Сонымен қатар, тағы бір мәселе ретінде – бұл есірткінің заңсыз айналымына қарсы ісқимыл саласындағы қазақ заңнамасының жетілмегендігі, осыған байланысты қабылданатын заңдардың, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сапасын, оның ішінде шетелдік тәжірибені пайдалана отырып арттыру қажет екендігін көрсетеді [Феткулов А.Х., Сейтхожин Б.У., 41 б.].

Қазіргі кезеңде есірткінің заңсыз айналымы әлеуметтік-теріс және құқыққа қарсы мазмұны бола отырып, қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық және басқа да реформаларын жүргізуге ғана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда халықаралық қауіпсіздікке кері әсер ететін факторлар жүйесіне берік кірді. Оның үстіне, жыл сайын оның әлеуметтік салдары ауырлай беретіндігі ақиқат.

Осыдан кейін, тәуелсіздік жарияланған алғашқы күннен бастап ел басшылығының саяси еріккігері осы теріс құбылысқа тиімді қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңнамалық базаны қалыптастыруға бағытталғанын айтуға болады.

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 шілдеде қабылданды.

Сонымен қатар, есірткінің заңсыз айналымы өзінің криминалдық табиғаты бойынша трансұлттық сипатқа ие екенін және қандай да бір мемлекеттің шекарасымен анықталмайтынын ескере отырып, ғылыми-құқықтық мүдденің орбитасына ұлттық заңнаманың оған қарсы әрекет ететін нормативтік құқықтық актілері ғана емес, сондай-ақ халықаралық-құқықтық актілер, соның ішінде мемлекетаралық бірлестіктердің актілері кіруі тиіс екендігін атап өткен жөн.

Мұндай актілердің бірі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының (бұдан әрі – ТМД, 2006 жылғы 16 қарашадағы № 27-6 қаулы) жиырма жетінші жалпы отырысында қабылданған "есірткі, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары туралы" модельдік заң болып табылады. Бұл модельдік акт есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңды айналымы, олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды ұйымдастыру, сондай-ақ нашакорлықтың алдын алуды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейтіндігін көреміз.

Алайда, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы қатысушы мемлекеттердің (бұдан әрі – ТМД) заңнамасын біріздендіру және үйлестіру жөніндегі жұмыс 2005 жылы басталған болатын, бұл ретте модельдік заң шығару мен ТМД – дағы ұлттық заңнаманы жақындастырудың 2005-2010 жылдарға арналған перспективалық жоспарына сәйкес тиісті ұсынымдар (бұдан әрі-есірткінің заңсыз айналымы саласындағы ұсынымдар) әзірленді. Онда заңсыз есірткі саласында ТМД-ға

мүше елдердің ұлттық заңнамаларында бар және құқықтық шешімді талап ететін екі мәселесін бөліп қарастыруға болады. Олар:

- есірткі айналымы саласында және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай терминологияның болмауы;

- есірткінің заңды айналымын реттеу және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелерінде алшақтықтардың болуы.

Бірінші мәселеге қатысты, есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы заңнамасы барынша біріздендірілген және қаралып отырған ұсынымдармен үйлестірілген.

Бұл туралы есірткінің заңсыз айналымы саласындағы ұсынымдарда, "Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қамтылған 32 негізгі ұғымның 28 дефинициясы көзделгені куәландырады. Бұл бірінші кезекте "есірткі құралдары", "психотроптық заттар", "прекурсорлар", "есірткі құралдары мен психотроптық заттардың аналогтары", "есірткі құралдарының заңсыз айналымы" және тағы басқа негізгі ұғымдарын жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған Заңда пайдаланылатын ұғымдардың көпшілігі үшін жалпы терминология және де 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес оған енгізілген түзетулері бар 1961 жылғы "Есірткі құралдары туралы Бірыңғай Конвенциямен" (Қазақстан бұл Конвенция 1998 жылғы шілдеде ратификацияланды) тән.

Осылайша, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы үшін мемлекетаралық бірлестіктердің халықаралық-құқықтық актілерімен ортақ терминология және біркелкі түсіндіру тән.

Екінші мәселеге қатысты – есірткінің заңды айналымын реттеу және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелерінде алшақтықтардың болуы. Бұл мәселені шешу тізім бойынша ұсыныстармен байланысты.

Сондай-ақ ТМД-ға қатысушы басқа да мемлекеттер сияқты есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізбесін қамтитын тізімдер мен тиісті кестелер халықаралық конвенциялардың негізінде қалыптастырылған, оның ішінде 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай Конвенциядағы түзетулер 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулері бар 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы Конвенция; 1988 жылғы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясы; атап өтуге болады.

Бұл ретте есірткінің заңсыз айналымы саласындағы ұсынымдарда уәкілетті органның ұсынуы бойынша тізімдердің тізбесін бекіту және өзгерту және оларды ресми жариялау ұсынылады.

Осы мәселеге қатысты, бұрын "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы тізімнің аталған заңға қосымша болып табылатынын көздегенің атап өткен жөн. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті орган тізімдерге өзгерту және толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізді, ал өзгерістер заңнамалық рәсімдер арқылы қабылданды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімін әзірлеу жөніндегі есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік органның өкілеттіктерін сақтай отырып, заңсыз айналымда табылған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын шағын, ірі және аса ірі мөлшерлерге жатқызу туралы жиынтық кестені және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі атомдары, галогендер және (немесе)

гидроксильді топтар орынбасарларының тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін болады (норма 2019 жылғы 28 маусымнан бастап қолданысқа енгізілген).

Мұндай тәсіл наркорынканың теріс өзгерістерімен, ең алдымен, синтетикалық психобелсенді заттардың жаңа түрлерінің қарқынды таралуымен байланысты. Заңнамалық деңгейде қабылданатын тізімге есірткінің жаңа түрлерін енгізу олардың пайда болуы мен теріс пайдаланылуына жедел ден қоюды қамтамасыз ете алмайтының түсіну, оларды қалыптастыру Үкіметке бекітілген.

Бұл сондай-ақ ұлттық есірткіге қарсы заңнаманы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен біріздендіретінің атап өткен жөн. Мысалы, Ресей Федерациясында тізімдерді Үкімет бекітеді.

Тұтастай алғанда есірткінің заңсыз айналымы саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде Қазақстан Республикасы осы саладағы халықаралық құқықтық актілерді ескереді.

Сонымен қатар, егер құқықтық құрамдас бөлік, мемлекетаралық бірлестіктер шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы айтатын болсақ, бірлескен қызмет шарттарының бірі заңдық маңызы бар санаттарды анықтаудың бірыңғай тәсілі болып табылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, халықаралық заңнама шеңберінде біріздендіруді қажет ететін кем дегенде үш анықтама бар.

Біріншісі – қылмыстық жауапкершілік туындайтын есірткі құралдарының ең аз мөлшері (бүгінгі күні заңнамада бір елдердегі ең аз мөлшері кейде басқаларында белгіленген мөлшерден асады). Екіншісі-атап айтқанда заттардың жаңа түрлерін есірткі қатарына жатқызу (бір елде сол бір заттар есірткі құралдары мен психотроптық заттар тізіміне енгізілген, ал екіншісінде олар осындай тізімде тұрмайтын жағдайлар бар). Үшінші, өкінішке орай, есірткіні заңсыз тұтыну тәуекелінің тобы – бұл, бірінші кезекте, жастар. Осыған байланысты, есірткілерге ішкі сұранысты қысқартуға бағытталған мемлекеттердің тиісті жастар әлеуметтік саясатының басымдылығы заңды түрде өсіп келеді. Жастарға қатысты ықпал сұранысқа берілуі тиіс, өйткені ол ұсынысты қалыптастырады. Сондай-ақ бұл әсер, ең алдымен, алдын алу болуы тиіс, бұл да тиісті құқықтық ресімдеуді талап етеді.

2015 жылы Орталық Азия мемлекеттері үшін БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру басталды. Осы бағдарламаның мақсаты Орталық Азия елдері арасында есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Сондай-ақ, елде БҰҰ-ның бірқатар жобаларын, оның ішінде емдеу және алдын алу, ақпарат алмасу, бақыланатын жеткізілімдер бойынша, сондай-ақ Ауғанстан мен көрші елдер бойынша өңірлік бағдарламаны іске асыру қамтамасыз етіледі. Орталық Азия мемлекеттері үшін БҰҰ ЕҚБ бағдарламасы өңір елдерінің сарапшыларымен бірге, аймақ елдері үшін және донорлар қоғамдастығының, өңірлік құрылымдар мен БҰҰ басқа да агенттіктері өкілдерінің жәрдемдесуімен мұқият жоспарланған консультациялар процесі арқылы әзірленді. Онда Орталық Азия мемлекеттері мәселесі деп санайтын салалар көрсетілген, сондай-ақ елдер техникалық көмек көрсетудің қажетті шарты ретінде қарастыратын ресурстар көзделген. Бағдарлама БҰҰ ЕҚБ-ның өңірде көмек көрсету саласындағы алдыңғы тәжірибесіне негізделеді және жеке алынған жобаларды іске асыруға емес, кешенді және жан-жақты тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаны БҰҰ ЕҚБ-ның Ташкенттегі Аймақтық өкілдігі үйлестіреді, техникалық жәрдем БҰҰ ЕҚБ-ның бағдарламалық кеңселері (БҰҰ ЕҚБ-ның Орталық Азиядағы Аймақтық өкілдігі) арқылы көрсетілетін болады.

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы Орталық Азияда есірткіге қарсы күрес бағдарламасы (CADAP) іске асырылуда, ол Еуропалық Одақ (ЕО) саясатының сабақтастығын және Орталық Азиядағы әріптестермен ұзақ мерзімді өзара іс-қимылдың дәлелдемесін білдіреді. Бұл бағдарлама есірткіге сұранысты қысқарту және Орталық Азия елдерінде ақпараттық жүйелерді дамыту саласындағы ұлттық саясатты одан әрі нығайтуға ықпал етеді. CADAP шеңберіндегі барлық бағдарламалық іс-шаралар саясат, сондай-ақ техникалық көмек, есірткі ахуалының мониторингі, нашақорлықтың

алдын алу, емдеу және зиянды азайту мәселелері бойынша консультациялар беру жолымен ұлттық және өңірлік деңгейде әлеуетті арттыруға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылға қатысты бөлігінде ҚР Қылмыстық кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, ұлттық және халықаралық қылмыстық құқық нормаларының үйлесімділігін жою қажет болып табылады. Сонымен, Халықаралық қылмыстық құқық нормалары қылмыстық заңнамамен қорғалатын қатынастар саласында Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерінің туындауына тікелей реттеушілік ықпал ете алмайды (ҚР Қылмыстық кодексінің). Алайда, қылмысқа қарсы күрестің аса маңызды аспектілерін реттей отырып, тиісті халықаралық-құқықтық актілер отандық қылмыстық құқық үшін қылмыстық-құқықтық нормалардың өзге де көздері болып табылады, қоғамдық қатынастарды регламенттеу кезінде олар ҚР Қылмыстық кодексінің ұйғарымдарына қалай қосылады, олармен бірге бірыңғай реттегіш сипатын қалыптастыруы немесе құруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ:

1. Абдрашев Р.М., Тугаев А.С. Современное состояние уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан // журн. «Наука и жизнь Казахстана». 2017. № 6 (52). Б. 24-28.
2. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы. № 279. – "Заңгер", "Параграф" ақпараттық жүйелері. Кіру режимі: URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000279_ – еркін. (Өтініш берген күні 05.01.2020).
3. Косжанов Т.А., Рысмагамбетова Г.М., Лакбаев К.С. О трансформации сущности раскрытия преступлений // журн. «Наука и жизнь Казахстана». 2018. № 3 (59). Б. 37-39.
4. Конысбай Б.М. Некоторые аспекты имплементации норм международного права в уголовное законодательство Республики Казахстан // научн. журн. «Апробация». 2016. № 9 (48). Б. 47-49.
5. Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы туралы Ұлттық есеп. 2018. // [Электрондық ресурс] кіру режимі: URL: <http://www.cadap-eu.org>, www.mcadkz.org and www.resad.cz. ResAd. 2018. (Өтініш берген күні 05.01.2020).
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstan-10-yanvary-2018-g.
7. Сейтхожин Б.У., Сарсембаев Б.Ш., Феткулов А.Х. Понятие и признаки наркотических средств, психотропных веществ и их аналогов в Республике Казахстан // сборник статей по материалам XVII Межд. научно-практ. конф. «Теоретические аспекты юриспруденции и вопросы правоприменения». – № 11 (17). – М.: изд. «Интернаука», 2018. Б. 175-186.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 03.07.2014. № 226-V – "ПАРАГРАФ" АЖҚ. Кіру режимі: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226> – еркін. (Өтініш берген күні 05.01.2020).
9. Феткулов А.Х., Сейтхожин Б.У. Анализ уголовно-правовых норм, предусматривающих ответственность за незаконный оборот наркотиков без цели сбыта в Республике Казахстан и Российской Федерации (ст. 296 УК РК и ст. 228 УК РФ). – федер. журн. «Наркоконтроль». 2018. № 3 (52). – Б. 41